

КОМПЬЮТЕРЛІК ВИРУСТАРДАН ҚОРҒАУ

www.drweb.com
© 1992-2007 Илгирі Давыдов



Dr.WEB®
АНТИВИРУС

для рабочих
станций Windows

ХАТ WAREZ

Сабақтың мақсаты:

- Ақпаратты қорғау туралы түсінік беру.
- Антивирустық қорғауды пайдалануға үйрету.

Компьютерлік вирус-өздігінен көбеюге қабілетті арнайы программалар, ол компьютер жадысында сақталатын программалар мен файлдарды құртуы, жоюы және компьютерді істен шығаруы мүмкін.



Вирустар қайдан пайда болды?

Оларды білікті қаскөй мамандар басқа бәсекелес фирмаларға зиян келтіру үшін қызғаныш, зиянкестік, мансапқұмарлық оймен немесе антивирустық программаларды сатудан ақша табу үшін жазады.



Макровирустар-Word құжаттары және Excel электрондық кестесі құжаттарына вирус жұқтырады. Жұғу құжат файлы ашқанда орындалады.



Жүктейтін (загрузочный) вирустар – негізгі жүктейтін жазбаға немесе жүктейтін секторға вирус жұқтырады. Операциялық жүйе жүктелгенде жұқпалы тасушыдан вирус жұғады



Файлдық вирустар- бұл қолданбалы программалардың ішіне енгізілген программалық кодалық блоктар. Вирустық кода программа жүктелгенде жіберіледі.



Вирустардың таралу жолдары

- ❖ Дискеттер
- ❖ Лазерлік дискілер
- ❖ Компьютерлік желілер
- ❖ Флешкалар

Вирустың пайда болуының белгілері

- Бұрын жұмыс істеп тұратын программалардың жұмыс істемей қалуы
- Компьютердің баяу жұмыс істеуі
- Файлдар мен қапшықтардың жоғалуы немесе олардың мазмұнының бұрмалануы
- Файл өлшемдерінің өзгеруі
- Дискідегі файл санының кенеттен едәуір көбеюі
- Жедел жад өлшемдерінің кішіреюі
- Компьютердің жұмысындағы жиі тұрып қалулары мен бұзылуы

Алдын алу шаралары

- Дискеттерді вирусқа тексеру
- Компьютерді ұдайы вирусқа тексеру
- Антивирустық деректер базасын ұдайы жаңарту
- Зақымдануы ықтимал кездейсоқ “пираттық” (ұрлық) программаларды қолданбау.
- Қосалқы көшірме жасау-ақпаратты архивтеу

Тапсырма №1

Вирус топтары мен олардың әрекеттерінің сәйкестігін көрсетіңдер.

Компьютердің бастапқы жүктеу программасын

Жүктемелік зақымдайды және компьютердің жүктелуі кезінде іске қосылады


Файлдық Жүз мыңдаған компьютерлерді біріктіретін желілерде таралады

Драйверлік COM және EXE кеңеюлері бар файлдарды зақымдайды


Желілік Компьютер құрылғыларының драйверлерін зақымдайды



Антивирустар



Вирустарды байқайтын және жоятын программалар
антивирустық программалар деп аталады.



Антивирус – бұл компьютерді емдейтін дәрігер.



Choice your Antivirus!



Антивирустық программалар типі

- Детектор программалар
- Фагтар, доктор-программалар
- Тексерушілер

Тапсырма №2

Оқулықтың сәйкес тақырыбындағы материалды пайдаланып, кестені толтырындар.

Антивирустық программалар типі	Антивирустық программалардың негізгі міндеттері	Белгілі антивирустық программаның аты
Детектор программалар		
Полифагтар, доктор-программалар		
Тексерушілер		

Тест

- 1.Компьютерлік вирус,бұл - мынадай программа:
 - А)компьютерді бұзатын;
 - в) “көбеюге” қабілетті және басқа программаларды “зақымдайтын”
 - с)қапшықтар мен файлдарды жоятын
 - д)желілер бойымен таралатын
2. Ақпарат қорғау ұғымы төмендегілерді қамтиды:
- а)электрондық поштамен хат алысу құпиясын сақтауды
 - в)компьютер жұмысының сенімділігін
 - с)пернетақта жұмысының сенімділігін
 - д)ақпаратты басқалардың оқуынан, өзгертуінен қорғауды
 - е)монитор жұмысының сенімділігін
- 3.Вирус әрекеттері білінуінің негізгі белгілері:
- а)компьютердің баяу жұмыс істеуі
 - в)бос жедел жад мөлшерінің себепсіз азаюы
 - с)компьютердегі деректердің сақталмауы
 - д)компьютер жұмысының жиі іркілуі мен бұзылуы
 - е)бұрын дұрыс жұмыс істеп тұрған программалардың жұмысының тоқталуы немесе дұрыс жұмыс істемеуі
 - ж)компьютерді іске қосқанда да, ол жұмыс істемейді
 - з)файлдар мен қапшықтардың жоғалуы немесе олардың мазмұнының бұрмалануы
 - и)дискідегі файлдар өлшемінің үлкеюі немесе кішіреюі
 - к)дискідегі файлдар санының тосыннан көбеюі